


1 2007  
83к



# Талаптан АХМЕТЖАН



## ШЫҒАРМАЛАР ЖЫЙНАҒЫ







**Талаптан  
АХМЕТЖАН**

**ШЫҒАРМАЛАР  
ЖЫЙНАҒЫ**

**I-том  
Айсәуле**

ИСТИНА  
НАЖТЭМА





# Талаптан АХМЕТЖАН

## ШЫҒАРМАЛАР ЖЫЙНАҒЫ

I-том


### Айсәуле



Алматы

“Жалын баспасы”

2006



**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат министірлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

**Талаптан Ахметжан**

**Т 16 Шығармалар жыйнағы. Екі томдық. I-том. — Алматы:  
“Жалын баспасы” ЖШС, 2006. — 288 бет.**

**ISBN 9965-693-36-6**

Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, талантты жазушы Талаптан Ахметжанның шығармалар жыйнағының бірінші томына хикаяттары мен пиесасы еніп отыр.

Шығармалардың ортақ тақырыбы — адалдық, мейір-бандық, махабат.

**Т  $\frac{4702250201}{408 (05)-06}$  07-2006**

**ББК 84 (5 Қаз 7-4)**

**ISBN 9965-693-37-4-(Т.1)  
ISBN 9965-693-36-6**

**© “Жалын баспасы” ЖШС, 2006**



# ХИКАЯТТАР



## НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ

(Шәкәрімнің бір әңгімесінің ізімен)

*"...Жалғанның бір пайдасын көргенде,  
Арланбай арыңды да сатасың..."*

*Шәкәрім*

Найзағай жарқ етті. Көп ұзамай аспан айрылғандай күңірене күн күркіреді. Қара түнекті ақ сәуле таспадай тіліп өтті...

Бір сәуледен жүз сәуле, жүз сәуледен мың сәуле, мың сәуледен сансыз көп сәулелер шашырап, қара баркыт көк әлемі нұрға шомылды. Нұр үстіне нұр...

Көк қақпасы бірінен соң бірі ашылып жатты.

Көктің жетінші қақпасы айқара ашылған кезде арғы жағынан жап-жасыл Иран бағы қанатын жайды. Әуелі шекесі торсықтай, беттері албыраған қып-қызыл алмалар көрінді. Сонан соң сылдырап, сыландап аққан мөлдір бұлақ көзге шалынды. Түбіндегі ақ тастарына шейін жылт-жылт етіп көрініп жатыр. Манайдың бәрі көк майса. Ақ, қызыл, сары, көк гүлдердің хош иісі көкіректі ашады. Қыз-қайыңның бұтағына қонақтаған бұлбұл құс тамылжыта ән шырқап отыр. Жауырыны жылт-жылт еткен боз биені күрең құлын борпылдата еміп тұр.

Әне, ақ, сары, қызыл, көк гүлдердің арасында хор қыздары серуен құрып жүр... Кейде сықылықтап күлісіп қоя ма, бір-бірін қуып ойнай ма, енді бірде қол ұстасып, айдың жүзіндей дөп-дөңгелек боп тұра қалып, мың бұрала билей ме, немене...

Осы кезде ту-у алыстан, әлдеқайда биіктен әмірлі үн естілді:

— О, Иран бағының инабатты тұрғындары! Құлақ салындар сөзіме. Ғаламдағы ең сұлу мекен Жер планетасына қауіп төніп тұр. Пенделер өзінің адамдық қасиетін жоғалта бастады. Ар-ұят періштесі! Тында! Сені Жерге жіберемін. Пенделердің қалғып кеткен ар-ұятын оят!

„Пенделердің қалғып кеткен ар-ұятын оят!“ деген әрі өктем, әрі сондай мейірімді дауыс ұзақ уақыт жаңғырығып тұрып алды. Бүкіл дүние: „О-я-т, о-я-т, о-я-т!“ деп қайталап жатты.

Еліктің лағын еркелете сипап отырған Ар-ұят періштесі орнынан тұрды да, иіліп тағзым етті.

— О, ұлы мәртебелім! Әміріңізге құлдық! Мен пенделердің ұйықтап кеткен ар-ұятын оятуға әзірмін! — деді.

Еліктің лағы Ар-ұят періштесіне елжірей қарады. Періштенің алыс сапарға аттануға іштей дайындық жасап жүргені бұған да бұрыннан аян-тұғын. Өздері ғана түсінісетін тілмен сырласқан кездерінде бәрі-бәрі айтылған. Ар-ұят періштесі осы тапсырманың өзіне жүктелерін сезген. Сол ойын еліктің лағына ақтарушы еді сыр қылып. Сезімі алдамағанына екеуінің де көзі жетіп тұр. „Сапарың оң болсын!“ — деді еліктің лағы. Бұл тілегін Ар-ұят періштесі лақтың көзінен оқыды. „Мен жоқ кезде жабырқама. Пенделердің ар-ұятын оятқан соң қайтып ораламын!“ — деді періште. Лақ та періштенің бұл ойын жүрегінен ұқты.

Ар-ұят періштесі еліктің лағымен қоштасқандай ишарат жасады да, күлімсіреп екі қолын жайды. Сол сәтте-ақ екі қолы қанатқа айналып кетті.

Періште қанатын қақты. Иран бағының инабатты тұрғындары періштеге ақ жол тілеп, қол бұлғап қоштасып қала берді.

\* \* \*

Ақ қоңыздай домаланған „Жедел жәрдем“ мәшинесі жын қаққандай құйынперен зымырап келеді. Төбесіндегі көк шамы жасындай жарқ-жүрқ етіп, жүйкеге тиетін ащы дабылы кісінің үрейін алады.

Жерге түскен Ар-ұят періштесінің ең әуелі көзіне шалынған көрінісі осы болды. Қаланың ығы-жығы үйлері, ию-кию көшелері, ары-бері сабылған көліктері, абыр-сабыр тіршілігі бұған бір түрлі ерсі көрінді. Қолқаны қапқан сасық газ иісі көкірегің қысып барады. Осыншама түгін құсқан көп көлік кімге керек екен деп таң қалды. Қимылсыздықтан шошқадай семіріп, ырс-ырс етіп жүре алмай қалған пенделерді көргенде көлігінен түсіп, біраз болса да неге жаяу жүрмейді екен деп ойлады.

Періште зымырап бара жатқан мәшиненің ішіне кіріп көргісі келді. Қанатын бір қағып еді, сол заматта-ақ мәшиненің ішінде отырды. Ортадағы санитарлық зембілде

жас жігіт жатыр екен. Өңі қу шүберектей боп-боз. Ауыр тыныстайды. Екі көзі шүңірейіп ішіне кіріп кекен. От жоқ.

„Жедел жәрдем“ мәшинесі аурухананың алдына келіп, ор көрген аттай кілт тоқтады. Кабинадағы бүйрек бет сары қатын әлдебіреумен телефон арқылы әлі мылжыңдасып сөйлесіп отыр. Бұжыр қара жүргізуші жігіт „міндетімнен құтылдым“ деген кісіше рүлге басын қойып, қалғып кетті. Осы кезде бұлардың қасына көк „Жигули“ келіп тоқтады. Ішінен жасы алпыстың жуан ортасынан асқан ақ шашты, кең маңдайлы, арықша келген еңкіш жауырынды еркек түсті. Екінші есіктен жиырма бестер шамасындағы сұлу келіншек шықты. Қабақтары сынық. Әл үстінде жатқан ауру жігіттің қасында отырған періште бірден білді: ақ шашты еркек мына жігіттің әкесі, сұлу келіншек апайы. Екеуінін де жаны шырылдап тұр.

— Сіз неге асықпайсыз? Тездетейік! — деді ақ шашты еркек бүйрек бет сары қатынды асықтырып. Анау сүзеген бұқаша одырая бір қарады да, сөзін жалғастыра берді. Бұдан әріге шыдамы жетпеген егде еркек жүгіріп ауруханаға кіріп кетті. Осы кезде сары қатын да арғы жақтағы адаммен қимай қоштасып, ұялы телефонын қалтасына салды. Сонан соң ғана ырғала басып орнынан түсіп, ауруханаға қарай беттеді. Сұлу келіншек „Ақ қоңыз“ мәшиненің артқы есігін шалқайта ашып, бауырының қасына көтерілді. Жігіт кірпігін әрең-әрең қимылдатып жатыр.

Ауруханадан ақ халатты екі еркек шықты да, үн-түнсіз келіп, ауруды көтеріп алып кетті. Сұлу келіншек сондарынан ерді. Ілгері басқан аяғы кері кетіп, әрең келе жатқан сұлу келіншектің қолтығынан демеген періште:

— Қорықпа, бәрі де жақсы болады, — деді. Періштенің осы сөзі сұлу келіншектің иығынан басқан ауыр салмақты сәл де болса жеңілдеткендей болды. „Иә, бәрі де жақсы боп кетер. Дереву операция үстеліне апарса екен,“ — деп ойлады.

Зембілде жатқан жас жігітті операция блогінің алдына алып келді. Осы жерде ақ шашты еркек пен жасы отыз бестер шамасындағы жігіт сөйлесіп тұр екен.

— Бұл жігіт атақты хирургтің ассисенті, — деді періште сұлу келіншекке сыбырлап. Дел-сал боп тұрған келіншек сонда ғана есін жиды. „Иман жүзді жігіт екен, жақсы болды ғой,“ — деп қуанып қалды.

— Қазір толық тексерістен өткіземіз. Үш-төрт сағат күтуге тура келеді, — деді ассисент. Сонан соң ауру жігітті каталкаға салғызып, „Жоғарыға алып жүріңдер!“ — деп әмір берді. Екі қызметкер каталканы дырылдата сүйрей жөнелді.

Үш сағат үш ғасырға созылғандай көрінді сұлу келіншекке. Қансыраған жаралы жолбарыстай жаны шырқырап, ары-бері сенделіп жүрді де қойды. „Не дер екен?“ – деп әкесінен қайта-қайта сұрайды. Жоғарыға көтерілетін тас сатыға әрі үміттене, әрі үрейлене қарайды. Төмен түсіп келе жатқан аяқ тықыры естілсе демін ішіне тартып, қалт тоқтай қалады.

Үш сағат өткен соң ассисент келді аптығып. Қабағы қатулы. Келген бойда үрейді ұшыра, асықтыра:

– Жедел операция жасау керек, он екі мың доллар төлеңіздер! – деді. Ақ шашты еркек қызына қарады. Мұндайды күтпеген сұлу келіншек сүп-сүр боп кетті.

– Қай жеріне жасайсыздар?.. – деп сұрады ақ шашты еркек қолдары қалтырап.

– Асқазанынан жараның аузы ашылып, ішіне қан кетіп жатыр... Тездетпесе болмайды! – деді ассисент.

– Қарыздансақ та ертең тауып берейік, – деп, сұлу келіншек жас толы жанарымен жер шұқыды.

– Жоқ, ертең кеш болады. Ақшасы алдын ала төленуі керек! – деді ассистент қолындағы қағаздарын ақтарыстырып тұрып.

Анадайдан бәрін бақылап тұрған Ар-ұят періштесі ассисенттің қасына келді. Бір қызығы періште адамдардың көзіне көрінгісі келмеген кезде көрінбей қоятын. Қазір де оны ешкім байқап тұрған жоқ. Бірақ кімге қарата сөйлесе де, сол адам періштенің сөзін өзіне келген ой есебінде ести алатын-ды.

– Ақшаны қайтесің, алдымен адам тағдырын ойласаңшы! – деді періште ассистентке. Ассистенттің жүрек тұсы шым етіп ашып, мына бейшараларды бір түрлі аяп кетті. Расында да уылжыған жасты ажал тырнағынан арашалап қалу мұның дәрігерлік һәм ар алдындағы адамгершілік парызы емес пе. Ендеше „ақша-ақша“, – деп несіне тақылдап қалды. Осы ойға енді бекіне бергені сол еді, екінші жағынан әзәзіл шыға келді де алақтап:

– Қой, алданба! Қазір адамдардың бәрі қу болып кеткенін білмейсің бе! „Ертең“ дегені – „жоқ“ дегені. Ана жігіт сауығып басын көтерсе, бұлар сені танымай кетеді! Ертең танымай кетсе, бастығыңа не бетіңмен қарайсың? – деді азғырып. Әзәзіл ассисенттің қасына жігіт бейнесінде келіп тұр еді. Үстіне ине-жіптен жаңа шыққан кара костюм-шалбар киген. Басында абажадай шляпа. Көптен бері иектеп алған ескі досының сөзін құп көрді де, ассисент алғашқы ойынан демде айнып шыға келді.

– Жок, болмайды! Тәртіп солай, ақшасы алдын ала төленуі тиіс, – деді ассистент осымен сөз бітті дегендей теріс айналып. Осы кезде бүйірдегі есік ашылып, санитарлық зембілде жатқан жас қызды көтеріп келе жатқан қызметкерлер көрінді. Ассисент енді соларға бұрылып:

– Мына ауруды реанимацияға апарыңдар! 13-палатадағы Сидоровты операцияға алып келіңдер! – деді де, асыға басып, операция блогіне кіріп кетті.

Ассисенттің алдынан атақты хирургтің өзі шықты. Бөкен қабақ, қасқа бас еркектің жасы елу бестер шамасында болса керек. Жүріс-тұрысы ширақ. Қадала қарағанда қаршыға көзі өңменіңнен өтеді. Сөзге сараң, іске мығым екенін түр-тұлғасы айтып тұр. Сырын әбден біліп алған бүкіл аурухана мұның алдында безден қағады. Ойын қас-қабағынан оқуға дағдыланған. Жалғыз ұлынан өзгелердің бәрін: қатынын да, қарамағындағыларды да ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Атақты хирургтің айбынынан сескенетіндер алдына кіруге де жасқанады. Мұнымен дәті жетіп сөйлесе алатын тек осы ассисенті ғана. Оның өзі ығына жығыла білгендіктен ғана сыйып жүр. Әйтпесе атақты хирургтің клиникасына тұрақтап калудың өзі қиын. Көңіліне жақпаған адамын айғай-шусыз бір-ақ күнде кетіреді. Ақырын ғана: „Жұмыс тауып ал“, – дейді. Басқа сөз шығындамайды. Анау сол сәтте-ақ табанын жалтыратады. Атақты хирургпен сөз таластыру дегенің мұндағылардың ақылына сыймайтын нәрсе. Оның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс. Айтқаны – заң. Көпшілігі қарсы келгенді қойып, көзіне түсуге қорқады. Бұл келе жатқанда бүкіл дәліз бос боп тұрады. Андаусызда дәлізге шығып калған біреу болса, мұның келе жатқанын көрген сәтте-ақ ініне тығылған сарышұнақтай ашық тұрған есіктің біріне зып береді. Періште атақты хирургті көрген бетте-ақ осының бәрін бірден сезе қойған-ды.

Атақты хирург операцияға дайын екен. Бетіне маскасына дейін киіп алыпты. Көзі ғана сөйлеп тұр.

„Не, болмады ма?“

„Болмады...“

„Онда өз обалдары өздеріне. Сидоровты әкеліңдер“.

„Айттым. Әкеледі“.

Екеуі бәрін де көзбен ұғысып, операция үстеліне қарай бұрылды.

— Айғаным, ақша таба аламыз ба? — деді ақ шашты еркек сыртқа шыққан соң қызына жасқаншақтай қарап. Қала жұртшылығы „Ғұлама“ атап кеткен бұл кісінің жалғыз ұлынан шығарда жаны бөлек еді. Бұлай болар деп кім ойлаған?! Адамның дене клеткасынан лабораториялық жолмен адам жасау тәжірибесімен шұғылдана бастаған ұлы аяқ астынан түсініксіз дертке шалдыққан. Алғашында ұйқысы бұзылып, асқа тәбеті шаппай жүрді. Бірақ күндіз-түні тәжірибесін тоқтатқан жоқ. Бала күнінен әкесінің ықпалында өскен жігіт мектептен кейін өз бетінше ғылыммен шұғылданып кеткен болатын. Оның ғылымға ессіз беріліп кетуінің де өзіндік сыры бар еді. Сегізінші сыныпты бітірер жылы жазғытұрым аяқ астынан шешесі дүние салды. Көп ауырған да жоқ, айналасы бірер айдың ішінде айналдырған дерт алып жықты. Осыдан кейін-ақ балаға шешемді тірілтіп алсам ғой деген ой келген. Сол ой баланы ғылымға жетеледі. Іздене келе өлген адамды тірілтіп алудың мүмкін емес екеніне көзі жеткен. Алайда басқа бір тылсымның бетін ашқандай болған. Жан баласына сездірместен, ешкіммен ақылдаспастан ашқан жаңалығын да жариялауға мүмкіндігі жетпеді-ау. Адамның клеткасынан адам тудыру туралы құпияның кілтін енді қолына ұстаған тұста... бес жыл бойы дамыл таппастан жазған еңбегі бір-ақ сәтте компьютерден өшті де қалды. Таң қаларлығы сол, дискетте жазылғаны да жойылып кетіпті. Соны көргенде жігіттің қаны басына шапшыған. Көз алды қарауытып, ес-түссіз құлап түскен. Осылай басталған ауру айналасы алты айдың ішінде жігітті сүліктей сорды да қойды. Бірақ бұдан әкесі хабарсыз еді. Ұлына осы дерттің қалай жабысқанын білмей басы қатты. Көрсетпеген дәрігері қалмады. Талай жылғы жинаған қаржысын төрт-бес айдың ішінде ана дәрігердің де, мына дәрігердің де қалтасына тыққыштаймын деп жүріп тауысқан. Бұл дерттің сыры неде екенін періште ғана біледі. Жігітті көрген сәтте-ақ дертінің түп-тамыры қайда жатқанын баспай таныған болатын. Бұл жігіт Жаратушының Ісіне араласқысы келген екен. Сөйтіп қателескен. Сұрап алған аурудың емі табылуы қиын... Бірақ оны жұмыр басты пенделер түсінбейді ғой. Міне, көрмейсің бе, ем-шипасын осы тауып берер ме екен деген алданышпен, біреулердің ақыл-кеңесіне сеніп қаладағы ең атакты хирургке әкеліп отыр тағы да. Бұған төлер қалтасында қара бақыры да қалған жоқ, бірақ үмітін үзгісі

келмейді. Операцияға бір-екі мың доллар сұраса Айғаным төлер деген дәмесі бар. Өйткені күйеу баласы банк ұстап отырған бай ғой. Ғұлама күйеу баласының алдына ісі түсіп барып көрген емес, „Кісідегінің кілті аспанда “деуші еді, басымды иіп барған күннің өзінде он екі мың доллар шыға қояр ма екен содан,“ – деп күдіктенеді.

– Шығайдан сұрап көрейін, – деп күмілжіді Айғаным, – Беретін шығар, не көрініпті...

Айғаным мұң кіреукелеген жанарын жерден көтермеген күйі әрең сөйледі. Күйеуінің атын атаған кезде тұла бойы мұп-мұздай болып кеткен. Алты айдан бері не ұйқы, не күлкі көрмегендіктен өңі де күзгі шөптей қуқыл тартып, жүдеу көрінеді. Бауырының диагнозы белгісіз ауруға шалдыққаны қабырғасына аяздай батып жүр. Жатса да, тұрса да „не күнәміз бар еді?“ деген күпті ой миын кеміріп, іштей Құдайға жалбарынумен болған.

Екеуі асығыс барып көк „Жигулиге“ отырды. Періште де артқы жақтағы бос орынға жайғасып алды. Осы кезде мәшине дүр ете түсті.

Аурухананың үлкен қара қақпасынан көк „Жигули“ баяу қозғалып шықты да, үлкен жолға түскен соң зымырай жөнелді.

\* \* \*

Көк „Жигули“ маңдайшасында „Банк“ деген әдемі жазуы бар шетелдік үлгіде салынған әсем ғимараттың алдына келіп тоқтады.

Есіктің алды иін-тірескен халық. Таяқтарына сүйенген кемпір-кепшік, шал-шауқан есікке ентелеп тұр.

– Ақша жоқ! Бүгін зейнетақы берілмейді. Тарандар! – деп есік аузында сойыл ұстап тұрған полиция қызметкері ақырып қояды. Бірақ оның сөзіне құлақ асып жатқан ешкім жоқ.

– Бастықтары шықсын!

– Неге жоқ!

– Бізді аштан өлтіре ме?

– Өздері түйені түгімен жұтқанда сондай!

– Бізге адал ақшамызды берсін!

– Бұл неғылған бетсіздік!

– Бұларды тәртіпке шақыратын біреу табыла ма?

– Әбден бетімен кетті ғой!

– Төзімнің де шегі бар!

– О, Құдай зауалынды бергірлер! – деп ашынған жұрт тепсіне айқайлайды.

— Мен отыра тұрайын, өзің барып келе ғой, — деді Ғұлама қызына. Жұрттың айқайынан тіксініп, есі шығып кеткен Айғаным енді ғана өз-өзіне келді. Есікті ашып, сыртқа шықты. Бұл кезде періште есік аузындағы полицияның қасында тұр еді. Айғанымды ашынған топ есікке қарай жібермеді. Қариялардан сұранып көріп еді, таяқтарын шошаңдатып беттетпей қойды.

Мына топтың Айғанымды өткізбесіне анық көзі жеткен періште жабық есіктің арғы жағына өтіп кетті.

Кең кабинеттің іші самаладай жап-жарық. Қаз-қатар тізілген қара үстелдер. Үстел басы бір-бір компьютер. Әр компьютердің қасында үріп ауызға салғандай бір-бір қыз отыр. Қол-аяғы балғадай бір сұлу қыз кербездене басып, екінші қабатқа қарай көтеріліп бара жатыр. Періште сол қыздың соңынан ерді.

Қыз „Қабылдау бөлмесі“ деген жазуы бар емен есікті ашты. Төрдегі үстел басында, қаптаған көп телефонның ортасында отырған күлім көз қызға жымия есендесті. Аяғының ұшымен басып кіріп, „Төраға“ деген жазуы бар есікке жүзін бұрды да, кіруге бола ма деп ишара жасады. Хатшы қыз қабағын шытып, басын шайқады. Кербез қыз келген ізімен кері қайтты да, періште төрағаның кабинетіне қарай өтті.

Есік-терезесі тарс бекітулі, іші жап-жарық, қоңыржай кабинеттің төрінде, жалт-жұлт еткен үлкен үстелдің басында екі еркек отыр екен. Үстел үсті ат-көпір ақша. Ақша санаудың қызығына түскен екі еркек бүкіл дүниені ұмытқандай. Көздері алақ-жұлақ етеді. Бір-біріне сенімсіздікпен қарайды. Ұзын бойлы көзілдірікті арық жігіт жалпақ бет қараның қолына ақшаны пәшкілеп ұсынып тұр. Жалпақ бет қара қолына тиген ақшаны алдында ашық тұрған төрт дипломатқа кезек-кезек лақтырады.

— Мынау маған. Мынау саған. Мынау дөкейге. Мынау үкіметке. Мынау маған. Мынау дөкейге. Мынау маған. Мынау дөкейге. Мынау саған. Маған... Дөкейге... Маған... Дөкейге... Саған... Маған... Маған... Дөкейге... Саған... Маған... Маған... Маған...

— Үкіметке ше? — деп міңгір ете қалды көзілдірікті жігіт.

— Мынау үкіметке... — деді жалпақ бет қара қолындағы пәшкіні бос дипломатқа еріншектене лақтырып жатып.

Періште жалпақ бет қараның жанына барып:

— Сыртта қариялар жылап тұр ғой. Соларға да қалдырсаңшы, — деді. Жалпақ бет қара селк ете қалды.



Жан-жағына алақ-бұлақ қарап еді, ешкімді көрмеді. Сол сәтте өзөзіл шыға келді. Бұйра бас қыздың бейнесіне ене қалыпты. Әр аттаған сайын жуан бөксесін бұраң-бұраң еткізіп. Ар-ұят періштесінің алдын кес-кестей берді:

— Жалаң аяқ жарлыларды қайтесің, өлмейді олар. Ақшада бастары қалғырлар... Соларға ақша не керек екен! Өлетін болса жайларына өлмей ме! Өй, арамтамақтар! Берме оларға ақшаны! — деді жағынып.

— Бермеймін! — деп айқай салды жалпақ бет қара.

— Шықа, сабыр... сабыр етіңіз, — деді мұның осындай ауруы барын білетін көзілдірікті еркек басу айтып.

Осы кезде жалпақ бет қараның ұялы телефоны шыр ете қалды.

— Әләу?

— Шығай, бұл мен ғой, Айғаным...

— Иә, әләу?

— Шығай, мені саған кіргізбей тұр мына жұрт. Хирург ақша сұрап жатыр. Операцияға...

— Иә, әләу?

— Он екі мың доллар дейді. Шығай, өтінемін сенен... Тауып берші. Құдай үшін! Бүгіннен қалса кеш болады...

— Иә, әләу?

— Жаным, мені кіргізіп алшы. Асықпай ақылдасайық. Бір амалын табайық та...

— Әләу, менде кісілер отыр. Кейін...

— Шығай, кейін кеш болады. Өзіңде болмаса жолдастарыңнан қарыз алшы. Құдай үшін, бір тілетімді орындашы, жаным!

— Әләу, менде кісілер отыр дедім ғой. Кейін... Қазір бос емеспін.

— Шығай! Шығай!..

Шығай ұялы телефонын сарт еткізіп жапты да:

— Бар, ескерт аналарға, есіктен тірі жанды аттатпайтын болсын! — деп көзілдірікті сарыға зірк ете қалды.

Періштенің салы суға кетіп далаға шықты.

\* \* \*

Қаралы топ табытқа салынған мәйітті көтеріп үйден шықты. Ғұлама мен Айғаным бірін-бірі қолтықтаған күйі жылап келеді...

Періште Айғанымның қолтығынан сүйеп:

— Жыла, жылап ал. Бірақ күйінбе! Адамға жалынба, Аллаға жалбарын! — деді.

Көше бойымен „Жедел жәрдем“ мәшинесі ышқына дабыл көтеріп, зымырап барады.

Періште алаңдап соған қарады. Мәшиненің ішінде кім жатқанын көргісі келді, дәрігерлер ол байғұсты қалай қарсы алатынын тағы да бақыламақ. Сол оймен қанатын қақты...

Тағы да сол аурухана.

Тағы да сол көрініс. Зембілге салынған жас жігітті екі дәрігер операция блогінің алдына алып келді. Бағанағы ассисент қағаздарын қолтықтап қайта шықты. Бүйрек бет сары қатын бір жапырақ қағаз ұсынып жатып:

– Бір „Мерседес“ жол жиегіндегі бағанаға барып соғылыпты. Мына жігітті соның ішінен әрең алып шықтық, – деді марғау дауыспен.

– Аты-жөні кім екен?

– Анықтай алмадық. Қалтасында құжаты жоқ болып шықты.

– Жақсы, жүре бер! – деді ассисент бүйрек бет сарыға.

Ассисент атақты хирургтің ат шаптырым кең кабинетіне жасқаншақтай кірді.

Атақты хирург телефонның құлағын қайта-қайта бұрап отыр екен.

– Әлгі еркетотай ұлды қуантайын десем не үйдегі, не ұялы телефоны жауап қатпайды?! – деді атақты хирург шағынғандай болып, – Бүкіл дүниемді тек соның ғана атына жаздырып қойдым. Мен өлсем бәріне өзі ие болады!

– Ол жаққа жиналуға әлі ерте ғой сізге. Ұлды үйлендіруіңіз керек. Немере-шөбере сүюіңіз керек. Қайда әлі?! ( Сәл үнсіздіктен кейін ). О батыр бассейнде жатқан шығар, – деді ассисенті күліп.

– Иә, оның ойы сол ғой. Қыз-қырқын... бассейн, сауна... Жә, не айтайын деп келдің?

– „Жедел жәрдем“ бір жігітті алып келді. Ауыр жатыр. Қатты жараланыпты. Авария...

– Туыстары хабарласты ма?

– Жоқ. Аты-жөні белгісіз. Қалтасында құжаты жоқ екен.

– Не істейміз?

– Көмектесіңіз! – деп, періште атақты хирургке ақыл қосты. Періштенің биязы үні жанына жағып бара жатыр еді, көніп қала ма деген қауіппен:

– Жоқ, әуре болмаңыз. Алтын уақытыңызды босқа рәсуа етіп қайтесіз! – деп әзәзіл килікті екінші жақтан. Қазір кәдімгі құбыжық кейпінде келіп тұр.

– Операция... – деп миңгіреді ассисент.  
– Кім жасайды? – деді атакты хирург.  
– Өте қауіпті операция болар түрі бар... Өзіңіз алмасаңыз...

– Тегін жұмысқа мені жексеңдерші сол... – деп атакты хирург жақтырмай қарады.

– Қазір МАИ арқылы ағайын-туғандарын анықтатайық! – деп, ассистент аяқ астынан құрақ ұшып кетті. Осымен сөз бітті дегендей атакты хирург тағы да телефонының құлағына жармасты. Бұдан ары бөгелетін болса іс насырға шабарын сезген ассисент дәлізге шыққанша асықты.

\* \* \*

Жас топырағы құрғап үлгермеген қабір басында Ғұлама жалғыз отыр. Үнсіз егіліп отыр.

Жабағы жүндей ұйысқан қара бұлттан тамшы тамбай қасарысып, түнеріп тұр. Нөсерлетсе, селдетсе екен деп еді Ғұлама. Жабыққан жаны бір жаңбырды тілеп отыр. Жауын тамшысы іштегі шерді де жуып кетердей елегізиді. Бірақ дүние демін ішіне тартып сұстанып тұр. Ұзамай дауыл көтерілер түрі бар.

Көйлегі ағараңдап, көңілі пәс тартып, Ғұламаның қасына Ар-ұят періштесі келді. Тек періштеге ғана тән сүйкімді жүзінен жылы шуақ шашырайды.

– “Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме”... – деді періште Ғұламаның иығына қолын салып. Періштенің мақпал алақаны денесіне тигенде жүрегінен жылы бір толқын оянып, бүкіл денесіне шымырлап ыстық қан жайыла берді. Бір өзгерісті қапысыз аңғарған Ғұлама серпілгендей, қанаттанғандай күй кешті. Жас топырақтың үстінде жатқан бір кесекті қолына алып, мыжғылап үгіте бастады. Үгітілген торқа топырақ саусақтарының арасынан ақырын сусып түсіп жатыр. Ғұламаның көз алды тұманданып кетті. Күбірлеп сөйлеп отыр:

*„Өлімнің хақ екенін көрсең де,  
Өлместей омыраулап шатасың.  
Дозақтың барын біліп жүрсең де,  
Күнәға, әлің келсе, батасың.*

*Сауап көп гибадатқа десең де,  
Жалығып, жалқауланып жатасың.  
Адалдың адал рыздығын жесең де,  
Арамды әдейі іздеп татасың.*

*Сыртыңды сыланасың өң беріп,  
Ішіңнің түзетпейсің қатасын.  
Айла мен алғанды жән көріп,  
Адамды аң орнына атасың.*

*Жалғанның бір пайдасын көргенде,  
Арланбай арыңды да сатасың.  
Арыңды да сатасың!  
Арыңды да сатасың!”*

— Қайран, Шәкәрім...Сізден асырып не айта аламын?! Не айтуға болады бұдан артық? — деді Ғұлама терең күрсініп.

\* \* \*

Жаралы жігіттің ышқынған үні естілді алыстан. Қиналған, жарық жалғанмен қимай қоштасып жатқан ақтық демі... Періште жас жігіттің жанынан табылуға асықты. Мола басынан ұзап шықты да, қанатын қақты...

Аурухананың тар палатасы қапырық ыстық екен. Періште терезенің желдеткішін ашты. Жігіттің беті-басы, аяқ-қолы ақ дәкемен таңылыпты. Көйлегінің түймелеулі жағасы тамағынан қылқындырғандай қинала дем алып жатқан соң жоғарғы түймесін жұлып тастады періште. Ақ түйме сырт етіп үзіліп, тас еденге түсті де, шыр-көбелек айналып тұрып алды. Жігіттің де көз алдынан бүкіл дүние осылай шыр айналып өтіп жатыр еді... Енді ғана тынысы кеңігендей сезініп, терең тыныстай бастады. Бірақ бұл жігіттің ақтық демі еді...

Осы кезде палатаға атақты хирург пен ассистенті кірді енгіліп. Өндері өрт сөндіргендей. Атақты хирург кірген бойда кушеткада жатқан жігіттің жүзіне үңілді. Жігітті таныған кезде көзі шарасынан шығып кете жаздады. Аяқ-қолынан әл кетіп, денесі қалтырап бара жатты.

— Ботам-ау, сен екенсің ғой, — деген сөзді тілі күрмеліп әрең айтты да, кушетканың аяқ жағына өңі сұрланып сылқ етіп отыра кетті...

Ассисенті шоқ басқандай дәлізге атып шықты:

— Медсестра! Медсестра! Жүгіріңдер! Жүгіріңдер бері! Болыңдар! — деп шырылдағанда жан дауысы шықты...

\* \* \*

Періште қала сыртындағы қалың бақтың ішінде жалғыз келе жатыр. Мың сан ұсақ-түйек, өзіне белгісіз нәрселер көңіліне қаяу түсіріп, жанын жабырқата бастаған.

Пенделердің неге бір-біріне осыншалықты қатыбас боп кеткеніне қайран қалады. Қыл аяғы бақ ішіндегі алма ағаштарына шейін аяусыз отап тастапты. Бір сынған жас бұтақты қайта орнына келтіріп, үрлеп дем салып еді, тіріліп, жапырақ жайып шыға келді. Соған өзі баладай мәз болып, қуанып қалды.

Бұлақ басына келді. Мәсісін шешіп, аяғын ағын суға малды. Таудың тастай суы шекесінен бір-ақ шықты. Рахатай! Періште шың басындағы мұздарға пенделердің қолы әлі жете қоймағанына қуанды. Бұлақ суы түп-тұнық, тап-таза екен. Алақанымен суды көсіп алып, бетін жуды. Басындағы сәукелесін шешіп, жерге қойды да, шашын тарқатып, әдемілеп қайтадан өрді.

Күн қызара бөртіп батып барады. Тау аңғарынан салқын самал есті. Ағаш арасынан сауысқан шықылықтады. Періште жағадағы жасыл құрақтың үстіне шалқасынан жатып, көк жүзіне көзін қадады. Аспанда жүзген ақ шарбы бұлттардың қанаты қандатыпты. Сонау қызараңдаған бұлттардың арғы жағында өзіне ғана мәлім ғажайып әлем барын ойлады. Сондағы хор қыздарын, өзінің сүйікті лағын сағына есіне алды.

„Бұл пенде шіркіндер ақырын айтқан сөзіңді естуден қалыпты ғой, – деді періште көк жүзінен көзін алмаған күйі ойланып жатып, – Бұларға не амал істесем екен?!“

\* \* \*

Түн. Қала шырт ұйқыда. Ар-ұят періштесі ұшып келіп, төрт қабатты вилланың балконына қонды. Вилланың ішінде тайыншадай төбет ит жүр. Анда-санда арсылдап қояды. Ит үрген сайын күзетші жігіт үйшігінен шығып, жан-жаққа сақтықпен көз салады.

Періште балконның есігін ашпастан ары өте шықты. Қабырғадағы өрнекті, әдемі шырақтан төгілген сүт сәуле бөлме ішін нұға бөлеп тұр екен. Маужыраған, қалғыған тыныштық жаныңды мамық бесіктей тербетеді. Періште қабырғаларға ілінген картиналарға қызыға қарап қалды. Алтын, күміс, қола жиекті рамаларға салынған картиналардың әрқайсысы өзіндік сыр ақтарып, маңайына шуақ шашып тұрғандай. Көне саксондық фарфордан жасалынған, төбеден төмен қарай салбырап тұрған әшекейлі шырақтың хрустәл шашақтары жылт-жылт етеді. Еденде оюлы кілем жатыр. Бөлме іші байлық пен дәулетті белі қайысып әрең көтеріп тұрғандай.

Періште қабырғаға барып тірелді де, жоқ боп кетті. Ендігі сәтте ол жаңағыдан да жарқыраған кең бөлменің ортасында тұрды. Төрдегі кең тахтада шалқасынан түсіп, Шығай ұйықтап жатыр. Айғанымның орны бос. Ол бүгін әкесінің қасында қалғанын біле қойды. Періште Шығайдың жанына барды да, еңкейіп дәл құлағына:

— Банкир мырза, тұр! Көзіңді аш! — деді. Шығай ештеңе естімегендей етпетінен аунап түсті де, басын көрпемен бүркеніп алды.

— Шығай! Тұр, басыңды көтер! — деп, періште көрпесін жұлқылады. Сол кезде ғана Шығай есіней түсіп:

— Кетші-ей өзің, мазамды алдың ғой... Сағат неше болды? — деп аунап түсті де, көзін ашты. Айғанымның үйде жоқ екені сонда ғана есіне келіп, мазалап жатқан бұл кім болды екен деп селк етіп, басын жастықтан жұлып алды. Ұйқылы-ояу көзін ұқалап отырып тың тыңдады. „Түсім бе, бұл не пәле!“ деп ойлады. Сезікті ештеңе байқалмаған соң қайта жантая бермек еді, періштенің дауысы дәл қасынан саңқ ете қалды:

— Қалғымай көзіңді аш! Сенімен сөйлесуге келдім!

Шығай дауыс шыққан жаққа жалт бұрылды да, ештеңе көре алмаған соң зәресі ұшып кетті. „Жын ба, сайтан ба, ап-анық естіп едім ғой?..“

— Жын да емес, сайтан да емеспін! Аш көзіңді! Тұр орныңнан! — деді періште қатқыл дауыспен. Шығай орнынан ұшып тұрды.

— Түс төсегіңнен!

Банкир басы салбырап, аяқ-қолы қалтырап төсегінен жерге түсті. Жан-жағына үрке қарайды, бірақ көзіне ештеңе шалынар емес. Перденің арғы жағында біреу тығылып тұрған шығар деп жүгіріп барды да, пердені жұлқа тартып, үрейлене үңілді. Тірі жан жоқ. Жүгіріп барып төсектің астына тоңқайды. Онда да ешкім жоқ. Басқа қайда тығылуы мүмкін деп аң-таң. Әлде құлағы жаңсақ естіді ме екен?

— Жоқ, құлағың жаңсақ естіген жоқ! Көзіңе қара! — деді періште дәл құлағының түбінен. Қаруы бар екені енді есіне түскен Шығай жерге отыра қалды да, тізерлеген күйі жорғалап келіп жастығының астынан тапаншасын суырып алды. „Әй, кім де болсаң көзіме көрін!“ деуге дәті шыдамай, дір-дір етіп отыр.

— Көргің келіп отырғаның мен болсам, міне, көріп ал! — деп, періште Шығайдың көзіне көрінді.

Періштенің нұрлы жүзінен тараған сәуле бөлме ішін жап-жарық қып жіберді. Шығай періштеге тік қарай алмай бетін қолымен көлегейлей берді.

— Жұрттың ақшасын неге өздерінен қызғанасың?! — деді періште.

— А, а? Қайдағы ақша? — деп мінгірледі Шығай.

— Банкідегі ақша! Оны жұрттан жасырып қайда әкетейін деп едің?

— Ешқайда... Мені тергейтіндей сіз кім едіңіз?

— Кейін білесің. Алдымен сұрағыма жауап бер. Айғанымға неге ақша бермедің?

— Бәрібір өлетін адам... Алжыған әкесі екеуі де сөз үкпайды... Бекерден-бекер жемсауы кең біреулерге тықпалап...

— Бәрібір өлетінін қайдан білдің?

— Белгілі болды ғой... Сіз кімсіз?

— Сұрағыма жауап берген жоқсың. Балдызынды жерлеуге неге бармадың?

— Жұмыс... Уақыт болмады...

— Кәрі-құртандарды неге жылатасың?

— Мен бе жылатқан? Үкіметтен көрсін...

— Үкіметтен не көретіні бар? Бәрін жасап отырған сендер емессіңдер ме!

— Бізде не тұр? Біз кішкене адамдармыз... Ал дейді — аламыз... Бер дейді — береміз... Бар ақшаны кемпір-шалдарға үлестіріп беріп, ертең қожайыннан сөз еститін жайым жоқ. Маған да кресло керек!..

— Құдайдан қорықпайсың ба?

— Жоқ... Мен ешкімнен де... Тек қожайынымнан ғана...

Мұны естігенде періштенің жүрегі сыздап кетті. Ары қарай сөз жарыстырғысы келмей ғайып болды.

Шығай сең соққан балықтай есеңгіреп тұрып қалған. Қолында тапаншасы барын енді ғана көрді. Қолы қарысып жазылмады. Екінші қолымен сұқ саусағын күштеп ашамын дегенде тапаншасы гүрс етіп атылып кетті. Терезесі күлдір етіп сынды. Сырттан арсылдаған ит дауысы естілді. Күзетші жігіт қол шамын ала салып, жын қаққандай жүгіріп келеді.

\* \* \*

Періште түні бойы бүкіл қала халқын оятып шықты. Саудагерлердің есіне таразыдан жегенін салды, ұрыларға

арам ақшаның ас болмайтынын ескертті. Байларға: „Кедей бейшараның еңбегін неге жейсіндер?“ — деп шүйлікті. Кедейлерге: „Байға жалынғанша неге Құдайға жалынбайсыңдар?“ — деп ренжіді. Мемлекеттік қызметтегілерді „Пара алуды қашан қоясыңдар!“ — деп мазалады. Ақшаға арын сатқан қыздарды „Арыңды қайтадан ақшаға сатып ала алмайсыңдар!“ — деп дөңбекшітті. Әкім-қараларға: „Қарынның қамын ғана ойлағанша, халықтың зарын неге тындамайсыңдар!“ — деп қадалды. Бәрі де безілдеп өз бастарын арашалаумен болды. Ұялған, қызарған ешкім кездескен жоқ. „Мен ғана ма екен, жұрттың бәрі сөйтіп-ақ жүр ғой“, — деп ақталғысы келді. „Сен кімсің өзі, мазамызды алмай ары жүр!“ — деп ақырды...

Жұлдыздар бірсін-бірсін сөніп, шығыс көкжиек шұғылаға малына бастаған кезде періште таудағы бақ ішіне қарай ұшып кетті.

\* \* \*

Таң бозынан қала көшелерінде абыр-сабыр басталды да кетті. Еркегі бар, әйелі бар, кәрісі бар, жасы бар — бәрі ентелеп дәріханаға қарай жүгірісіп жатыр. Бұрын сатып алушыларға зәру боп сарғайып отыратын дәріханашылар не болғанын түсінбей аң-таң. Ентелеп, кимелеп, бірін-бірі басып-жаншып, еңтігіп, алқын-жұлқын жүгіріп кірген жұрттың аузындағы сөз біреу:

— Димедрол бар ма? Ұйықтататын басқа қандай дәрілерің бар?

Тасырлата кіргеннің біреуі: „Маған он қорабын бер!“ — десе, оны иығымен қағып, басын терезеге тыққан екіншісі: „Маған жүз қорабын бер!“ — деп дігерлейді.

Қас пен көздің арасында қаладағы барлық дәріханалардың алды шұбатылған кезекке толды.

Осы көрініске үрейлене қарап, зулап келе жатқан қара „Мерседестің“ артқы орындығында Шығай отыр шалқайып. Қанталаған қып-қызыл көзі алақ-бұлақ етеді. Түні бойы қанша димедрол жесе де, кірпік айқастыра алмай шыққан. Басы зілдей боп зеңіп, қимылдатса солқ-солқ ауырады.

Қалтасынан ұялы телефонын алып әлде бір нөмірді тере бастады.

— Әләу! Мен ғой... Қайдағы тыныштық?.. Түні бойы мазамды алды... Кім дейсің бе? Білмеймін... бір албасты... Жер-жебіріме жетті ғой. Соттан жаман тергеді! Саған